ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ
(«МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

13.08.2025 № 01-01-11/4200

«Reseller» ЖШС басшысы
З.С. Смирновқа
Email: za_har20@mail.ru

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) «Мемсараптама» РМК филиалдары үшін көпфункционалды құрылғыны мемлекеттік сатып алу» №15111114-1 (№73286622-ОК1 лоты) сатып алуға қатысты 2025 жылғы 08 тамыздағы №265641 шағымыңызды қарап, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 25-бабының 1-тармағына сәйкес егер **тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының)** әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олардың **әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне** веб-портал арқылы **шағым жасауға құқылы**.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының *(бұдан әрі – Қағидалар)* 590-тармағына сәйкес **шағымды** мәлімделген **талаптар (дәлелдер) шегінде** шағымдарды қарауға жауапты тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесі не лауазымды адамы қарайды.

Қағидалардың 596-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымда Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзудың нақты фактілері көрсетілуге, қажет болған жағдайда растайтын құжаттар қоса берілуге тиіс.

Өз кезегінде, Заңның 25-бабының 2-тармағында тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы баптың 1-тармағында

көзделген шағым беру мерзімі өткен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдау туралы міндеттемесі көзделген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Мемсараптама» РМК филиалдары үшін көпфункционалды құрылғыны мемлекеттік сатып алу» №15111114-1 (№73286622-ОК1 лоты) сатып алуға қатысты 2025 жылғы 08 тамыздағы №265641 шағым ақпараттық сипатта болғандықтан және қандай да бір әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзғаны туралы мәліметтерді қамтымағандықтан, Кәсіпорын 2025 жылғы 08 тамыздағы №265641 шағымды қараусыз қалдыру (қанағаттандырудан бас тарту) туралы шешім қабылдады.

Сіздің назарыңызға «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданған тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағымдануға болатындығын жеткіземіз.

Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор
РГП "Госэкспертиза"



Орынд.: Бейсенбаев Д.К.
23-50-18

Оспанов Ж.К.
Руководитель комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"



Идрисова З.М.
Начальник управления
РГП "Госэкспертиза"



Жумашова М.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"



Бейсенбаев Д.К.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"